


«Қарағанды медицина университеті»



Докторантура
бойынша
білім беру
бағдарламаларына
оқуға қабылдау





Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау - 3 шілдеден 3 тамызға дейін
Қабылдау емтихандары - 4-20 тамыз аралығында Оқуға қабылдау-28 тамызға дейін

1. Докторантураға қабылдау үшін: шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде:

- IELTS – 5,5 кем емес;
- TOEFL ITP –460 балдан кем емес;
- TOEFL PBT – 453 кем емес;
- TestDaF-Prüfung – Niveau B2;
- TFI – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;
- DELF – B2 деңгейі;
- TCF –50 балдан кем емес.
- IELTS INDICATOR – 5,5 кем емес;
- TOEFL IBT – 46 кем емес;
- DSH – NiveauB2;
- DALF – B2 деңгейі;

**Ұсынылатын
сертификаттардың
түпнұсқалығын және
қолданылу мерзімін
қабылдау комиссиясы
тексереді**

2. Докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 кварталға кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.



НАЗАР аударыңыз!

"D119 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" білім беру бағдарламасына түсушілер үшін компьютерлік форматта. Өтініш қабылдау мерзімдері 3 шілдеден 3 тамызға дейін. Қабылдау емтихандары - 4-20 тамыз аралығында. Оқуға қабылдау-28 тамызға дейін.

Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта келесіден тұрады:

- эссе жазу;
- докторантурада оқуға дайындығына тест;
- білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар беру.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат бөлінеді. Қорытынды баға эссені бағалау, докторантурада оқуға дайындық тесті, емтихан сұрақтарына жауап нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығын білдіреді.

Докторантураға түсу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

эссе	max 20 балл
докторантурада оқуға дайындығына тест	max 30 балл
білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	max 50 балл
Барлығы	max 100 балл



"Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантураға қабылдау екі кезеңде жүргізіледі:

- 1) алдын ала іріктеу;
- 2) түсу емтихандары.

Алдын ала іріктеу нәтижелері түсу емтихандарына жіберу немесе жібермеу болып табылады. Оқуға түсуші докторантураның білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтиханын тек оқуға түсетін білім беру ұйымына ғана тапсырады. Докторантура бойынша түсу емтиханы: " D139 - Қоғамдық денсаулық сақтау", " D140 - Медицина", " D141 - Фармация " және " D151 - Мейіргерлік ғылым " Білім беру бағдарламалары бойынша дербес өткізіледі.

"Денсаулық сақтау"	Түсу емтиханының пәндері	
D139 - Қоғамдық денсаулық сақтау	Биостатистика	Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару
D140 - Медицина	Биостатистика	Эпидемиология
D141 - Фармация	Биостатистика	Фармациядағы менеджмент және маркетинг
D151 - Мейіргерлік ғылым	Биостатистика	Ғылым тарихы мен философиясы



Апелляция

- ❑ Университеттің апелляциялық комиссиясы докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерді қабылдайды және қарайды.
- ❑ Емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштер түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.
- ❑ Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.
- ❑ Апелляциялық комиссия комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен шешім қабылдайды



Докторантураға қабылдау үшін үміткерлер келесі құжаттарды тапсырады:

- университет басшысының атына өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- білімі туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);
- шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
- 075-У нысанындағы медициналық анықтама ;
- 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
- ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (болған жағдайда);
- алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау"білім беру саласы бойынша);
- қағаз құжат тігетін, ақ екі конверт;
- екі файл (тығыз).

Докторантураға кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар "магистр" дәрежесі бар немесе резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

Құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған кезде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.



Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін үміткер келесі құжаттарды тапсырады

Оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына 25 тамызға дейін тапсырады:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);
- 3) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
- 4) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 6) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша докторантура үшін).